

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Қыран» топ Бала саны 25				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Тогызбаева Жаксыгул Арапбаева Гүлнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	07.08. - 11.08.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызыын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Еңбек: алаңды тазарту. Мақсат-міндеттер: еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: құргақ шөпті, бұталардың жаңындағы қоқыстарды жинау. Мақсат-міндеттер: үжымдық еңбекке баулу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: құркелер мен жолдарды сүмен себу. Мақсат-міндеттер: шланг пен су құйғышты мұқият пайдалануғамашықта ндыру; ұқыптылыққа тәрбиелу. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: ойын алаңын сызыру. Мақсат-міндеттер: үжымдық жұмыста тәртіпті сақтауға машиқтандыру. (еңбек іс-әрекеті)	Еңбек: өсімдіктер мен жапырақтарды қолонер мен гербарийлерге жинау. Мақсат-міндеттер: өсімдіктердің әртүрлілігі туралы білімдерін бекіту; еңбекке саналылықпен қарауға баулу. (еңбек іс-әрекеті)
	Дидактикалық ойын «Қателесіп	Дидактикалық ойын «Осы өлеңдер	Дидактикалық ойын	"Домино" дидактикалық	Дидактикалық ойын «Гүл шоғын

қалма?».	есінде ме?»	««Экологиялық пирамида».	үстел үсті ойыны.	құрастыр».
Мақсат-міндеттер: жылдам ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың күннің әр түрлі мезгілінде не істейтін туралы біліктерін нығайту. Ойынның мазмұны: Тәрбиеші күннің түрлі мезгілі туралы білімдерін бекіте отырып, балалармен әңгіме жүргізеді. Балалар таңертең, күндіз, кешкісін, түнде не істейтіндерін еске түсіреді. Соナン кейін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады: Балалар, қане былай істейік. Мен күннің бір мезгілін атайдын, ал сендер сол кездे не істейтіндерінді еске түсіресіндер.	Мақсат-міндеттер: балалардың сөйлеу тілін дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші балаларға таныс өлеңдерден үзінділер оқиды. Балалар жетіспейтін сөздер айту керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	Мақсат-міндеттер: балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида	жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді	Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді
	Қимылды ойын «Түрлі-түсті көліктер»	«Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады.	Ойынның ережелері. «Экологиялық пирамида» құрудың тәртібі. 6 текше қолданылады.	Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін
	Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл- қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын	Олардың төрт жағында суреттер бейнеленген, бесіншісі мен алтыншысында- «экологиялық пирамида деген жазу бар.	карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп	Суреттері сәйкес келетін
				бақшада, далада, орманда өсетін гүлдерді дұрыс тауып, аттарын есте сақтауға үйрету. Ойынның барысы. Гүлдің кімге арналғанын, Қайда өсетінің және қалай аталатынын көрсету. Ойынның барысы. Тәрбиеші балалармен орманға, баққа, шағын дағаға «экскурсия» жүргізіледі. Онда балаларды түрлі гүлдермен тәнестырады. Бағбанның, көбелектің, Дәрігер Айболиттің суреттері қойылды. Бағбан бақтан, көбелек шағын

	<p>Мәселен, мен «таңтерең» деп айтамын. Сендер қандай іс-кимылдарынды атайсындар?</p> <p>Балалар еске түсіреді:</p> <p>Оянамыз, амандасамыз, жуынамыз, тіс тазалаймыз, таранамыз.</p> <p>Дұрыс,- дейді тәрбиеші. – Бірақ ойын кезінде мен текше берген балағана жауап береді және тек бір әрекетті ғана айтады.</p> <p>Әрекетті атаған соң ол текшени өзге ойыншыға береді.</p> <p>Тәрбиеші күннің түрлі уақытын айтады, ал балалар жауап береді.</p>	<p>дамыту.</p> <p>Балалар бөлменің қабырғасының жаңында тұрады.</p> <p>Олар -гараждағы көліктер. Әр ойнаушы қолдарына жалау немесе картоннан жасалған түрлі-түсті диск ұстап жүреді. Тәрбиеші бөлменің ортасында тұрып,</p> <p>оыйнаушыларға қарап тұрады, оның қолында 1 жалауша /2 немесе 3 бірге/, біреуін көтерген кезде сол түсті көліктердің жүрісін, дауысын келтіріп жүреді. Тәрбиеші жалауын түсірген кезде, көліктер тоқтап, бұрылып, гаражға барады.</p>	<p>Ойынның барысы. Тәрбиеші балаларға текшениң тірі және өлі табиғат бейнеленген беттерін көрсетеді.</p> <p>Бірінші беті – күн, жер, дәндер, тышқан, жылан, қаршыға.</p> <p>Екінші бетте – күн, жер, ғұл, көбелек, шымшық, жапалақ.</p> <p>Үшінші беті – күн, жер, шөп, орман, қоян, қасқыр, түлкілер.</p> <p>Төртінші беті – күн, су тоғаны және балдырлар, су жәндіктері, бақа мен балық, кірпі.</p> <p>Пирамида</p>	<p>шығады.</p> <p>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі обьектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар.</p> <p>(таным іс-әрекеті)</p> <p>Ұлттық ойын «Бес тас»</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойыншылардың бұлшық еттерін ширатып, дамытып қана қоймай, ептілікке, қырағылыққа, тез шешім қабылдауға, санауға, топтауға үйрету.</p> <p>«Бес тас» ойынының шарттары: Бестас ойыны 5 адам топ құрап ойнайды. Ойынға 5 домалак тас немесе асық</p>	<p>даладан, ал Дәрігер Айболит орманнан ғұл жинауды (өйткені олардың дәрілік қасиеттері бар) өтінеді. Гүлдердің суреттері араластырылады да, балаларға үлестіріліп беріледі. Олар кейіпкерлерге кезекпен келіп өз гүлдерін ұсынады. Тәрбиеші мен балалар сыйлықтарға баға береді.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>"Хан талапай" ұлттық қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жылдамдыққа,</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машиқтандыру; құғыншы жете алмайтындей тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар "бояушыны" санамақ арқылы тандайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды.</p> <p>"Бояулар" белгілі жерде тізіліп</p>	<p>Ойын 4-6 рет қайталанады.</p> <p>Ұсыныс: тәрбиешіде қызыл түсті жалау болуы мүмкін.</p> <p>Байқаусызда ол жалауды көтереді-белгі бойынша барлық көліктер тоқталуы қажет.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	<p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p> <p>Қимылды ойын: «Етек - етек»</p> <p>Мақсат-міндеттер: топтан қалыспай тез қимылдауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын шарты:</p> <p>Балалар ішінен біреуі құс болады.</p> <p>Ал, басқалары бірінің етегінен бірі ұстап, бастапқы баланың артынан жүреді.</p> <p>Етектен айырылып қалған баланы құс ұстап жеп қояды.</p> <p>Ол бала ойыннан шығарылады.</p> <p>Ал, ұстандар етектен, Айырылмандар жетектен,</p>	<p>пайдаланылады.</p> <p>Ойынның мазмұны: Ойнаушылар ең алдымен, кім - кімнен кейін ойнайтынын өздері анықтайды. Ол үшін ойыншылар кезекпен бес тасты тобымен жоғары лақтырып, қолдың сыртымен тосып алады осы тәсілді бес рет қайталайды соңында алақанмен қаршып ұстайды. Қаршып тасты қолды енкейте жоғарыдан төмен қарай қағып алу.</p> <p>Лақтырылған бес тасты қолдың сыртымен тосып алу және қаршып алу кезінде бірнеше тас жерге түсіп кетуі мүмкін. Кім көп тас</p>	<p>шапшаңдыққа баулу.</p> <p>Ойынға қызығушылығын арттыру.</p> <p>Ойынның шарты: Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді.</p> <p>Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояндар. Осы асық «хан» болады.</p> <p>Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындаپ алындар.</p> <p>Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді.</p> <p>Сендер «ханның» қалай түскенін байқап отырындар.</p> <p>Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі.</p> <p>Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қояды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сәлеметсіз бе! Кім боласыз? <p>"Бояушы":</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мен бояушымын, Үстімде боялған киімім. <p>Алыстан келемін, Бояу үшін теңге беремін.</p> <p>"Бояуды сатушы":</p> <ul style="list-style-type: none"> - Түсі қандай бояуды қалайсыз? 		<p>Біз шөжелер боламыз, Алдымызда анамыз. Кім айырылса етектен, Шығып қалса жетектен, Соны ұстайды карақұс, Сол болады құсқа жем, Ұрынады қатерге, Ана сөзін екі еткен.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>	<p>қаршып алса, сол бірінші ойнау кезегіне ие болады.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>	<p>бастаушы бала «ханның» тұсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере- ыршытып бірін- бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады.</p> <p>Керекті құралдар: асықтар.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>
--	---	--	--	--	--

<p>Осы кезде "бояушы" кез келген түсті айтады, сол түс болып өзін ойлаған бала сыртқа шығып, қаша жөнеледі. Ал диалог ары қарай жалғасады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Бояудың бағысы қанша? - Бағасы бес (он, он бес, сегіз, бағасы тағы басқа) теңге. <p>"Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген сан рет қағады да, "бояуды куалап кетеді. Егер "бояу" қашып, қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады.</p>				
--	--	--	--	--

	"Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. (дene шынықтыру)				
Таңертеңгі жаттығу	<p>Сапқа тізілу; онға бұрылып, алға жүру; жүгіру (30-40сек), жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу.</p> <p>Жалпы дамыту жаттығулары кешені.</p> <p>1. Бастапқы қалып: дene тік, қол белде 1 - онға адым жасап, қолдарын жаңына жіберу; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа да қайталанады және 5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дene тік, қол белде 1 - онға еңкейіп, сол қолын басына қою; 2 - бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, арқанды алға ұстау 1 - арқанмен бірге онға бұрылу, 2 - бастапқы қалып; 3 - солға бұрылу, 4 - бастапқы қалып; 4 рет қайталау</p> <p>4. Бастапқы қалып: дene тік, қол белде 1 - 2 - отырып, қолдарын алға созу; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).</p> <p>5. Бастапқы қалып: дene тік, қол белде. 1 - 4 - дейін санау арқылы он жаққа секіру, 5-8 санау арқылы сол жаққа секіру, 9-12 - екі аяқпен секіру, кідіріс жасап, жаттығуды 2-3 рет қайталау.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар	Гигиеналық дағдылар	Гигиеналық дағдылар	Гигиеналық дағдылар	Гигиеналық дағдылар

	<p>Балаларда мәдени- гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру.</p> <p>Көркем сөз Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен.</p> <p>(мәдени- гигиеналық дағдылар)</p>	<p>Балаларға дұрыс білім беру, үстел басында өзін дұрыс ұстая, тамақтану кезінде сөйлемеу, басқа балалардың мазасын алмау.</p> <p>Көркем сөз Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік.</p> <p>Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) (мәдени- гигиеналық дағдылар)</p>	<p>Тазалыққа және ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу, тамақтану кезінде үстелде тыныш отыруға, дұрыс қалыпты сақтауға үрету.</p> <p>Көркем сөз Балабақша тәртібін, Барлығымыз сақтаймыз.</p> <p>Тәрбиеші үмітін, Болашақта ақтаймыз. Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарханға отырып, Жеңімізді түреміз.</p> <p>(мәдени- гигиеналық дағдылар)</p>	<p>Қажеттілігінше майлықты көбірек қолдану шеберлікті арттыру.</p> <p>Көркем сөз Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз.</p> <p>Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз.</p> <p>Сұлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайд қараңыз.</p> <p>Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз.</p> <p>(мәдени- гигиеналық дағдылар)</p>	<p>Жабық ауызben тамақтану қабілетін жетілдіру, тағамды үнсіз шайнауды үйрету</p> <p>Көркем сөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен,</p> <p>Тазалықты таңдаймын!</p> <p>(мәдени- гигиеналық дағдылар)</p>
Ұйымдастырылған	Жаңылтпаштарды	"Теніз толқиды" аз	"Фант" ойыны.	"Катені	"Айырмашылығын

іс-әрекетке дайындық	<p>қайталау. Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	<p>қимылды ойны. Мақсат-міндеттер: тәрбиешінің белгісі бойынша орындау, шығармашылық, зейінділік, ұстамдылық таныту. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс координациясын дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуда ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшандыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар, шенберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе алдында айтылған сөзді қайталааса, осы тақырыпқа</p>	<p>түзе"дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: әрекеттердің дұрыс реттілігін орнатуда үйрету.</p> <p>Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әнгіме құрастырады.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)</p>	<p>"тап" дамытушылық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту.</p> <p>Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жүптары.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
-----------------------------	---	---	---	---	---

			байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)		
Білім беру үйымының кестесі бойынша үйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Шенберге бірге тұрайық" Мақсат-міндеттер: Балаларды кегльдер арасымен жүре отырып, 40 см қашықтықта қойылған жіптерден аттап жүру; бағытсыз ирелендеп жүгіру; жіптің бойымен басына қапшықты қойып, бір жақ жанымен қырындалад адымдал жүру дағдыларын дамыту; педагогтың тапсырмаларын орындаі отырып,	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Абайла бағдаршам!" Мақсат-міндеттер: Балаларда бағдаршам туралы білімдерін толықтыру; жол белгілерін ажыраты білу дағдысын қалыптастыру; алған білімдерін іс жүзінде қолдануға қызығушылықтарын тудыру; балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.	Көршаган ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Қызықты дағындары" Мақсат-міндеттер: Балалардың салауатты өмір салтын, ойындарға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, шығармашылық және коммуникативті қабілеттерін, есте сактау қабілетін, балалардың қиялын дамытуға ықпал ету; ептілік, икемділік, жылдамдық қасиеттерін жаксарту.	Сойлеуді дамытудан ойын-жаттығу «Жеке тәжірибеден шығармашылық әңгіме құрастыру» Мақсат-міндеттер: Балаларға әр түрлі техникалар мен материалдарды қолдана отырып, қағаз және қағаз майлыштардан жасауға тәкырыбына композиция жасауға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Жапсырудан ойын-жаттығу "Балабақшаға жаз келді" Мақсат-міндеттер: Балаларға әр түрлі техникалар мен материалдарды қолдана отырып, қағаз және қағаз майлыштардан жасауға тәкырыбына композиция жасауға үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

	<p>жүру және жүгіру кезінде сапта тұрып бір қатардан үш қатар құру іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылышқа тәрбиелеу.</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Сиқырлы жіп орамдары" Мақсат-міндеттер: Балаларды сурет салудың дәстүрден тыс - сиқырлы жіп және жіптік апликация техникасымен таныстыруды үйрету; образды көру мен қабылдау дағдысын қалыптастыру; саусақ моторикасын жақсарту, қол бұлшықеттерін нығайту; есте сақтауды жаттықтыру, зейіндерін тұрақтандыру; қиялдарын, көру қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, эстетикалық</p>	<p>жалғастыру; байланыстырып, жүйелі, мазмұнды әнгімелеге қалыптастыру; сөйлеу тілін жетілдіру, сөздігін байту, сөйлемдерді дұрыс құрып, өз ойын айқын, дәл жеткізуге үйрету; адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу; балалардың сабаққа деген позитивті көзқарасын, ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру, алған әсерлерімен бөлісуге, әнгімелешіні тындай білуге тәрбиелеу.</p>	
--	---	--	--	---	--

			талғамдарын тәрбиелеу.		
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкаfyн таңбалалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Жолжелкенді бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: емдік өсімдіктер туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктерін дамытуды жалғастыру.</p> <p>Жолжелкеннің ерекшелігі мен емдік қасиеті туралы білімдерін молайту.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Тәрбиеші әңгімесі</p>	<p>Мысықты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: мысық үй жануарлары, сүткоректілер және белгілі бір ерекшеліктерге ие екендігі туралы білімдерін бекіту; жануарларға деген ізгілік сезімдерін тәрбиелеу</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Педагог балалардан жұмбақ сұрайды, жауап беруді</p>	<p>Итті бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ит туралы білімдерін бекіту, оның сипаттамалары, қоршаған ортаға бейімделу жолдары; қолға үйретілгендер үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Күшігім менің үріп тұр,</p> <p>Бір нәрсені сезіп тұр.</p> <p>Есікті ашып қарасам,</p>	<p>Күнбағысты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: күнбағыспен таныстыру, оның күрылымын бөлшектеу, пайдасы туралы әңгімелу, дәрілік өсімдіктерге деген құрметті тәрбиелеу.</p> <p>Жұмбақ жасыру</p> <p>Күнді аңдып шалқалап,</p> <p>Гүлмен жапқан қалқалап,</p>	<p>Ересектердің жұмысын бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)</p> <p>Мақсат-міндеттер: үлкендердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.</p> <p>Бақылау барысы:</p> <p>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.</p> <p>- Аула сыйырушыға жазда қандай еңбек құралдары керек?</p> <p>(курек, сыйырғыш,</p>

	-Жолжелкен қазақстанның барлық жерінде өседі. Көше бойлап келе жатсаң жол жиегінде, өзен бойы, шалғындық алқаптарда көптең кездеседі. Сондықтан да болар бұл өсімдікті «жолжелкен» деп атайдыны. Адам аяғы баспайтын жерлерде жолжелкенді кездестірмейсің. Күзде жолжелкеннің гүлдері тұқым шашқан кезде, ол аяқкімге жабысып барып, басқа жерлерге дәннің түсуіне байланысты, кез келген жерде өсіп шығады. Жолжелкен маусымнан қыркүйек аралығында гүлдейді. Оның жапырақтарын маусым, шілде	ұсынады сұрақтарға. Жұмбак Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. (Мысық) Көркем сөз Сағат сегіз таянды Тарғыл мысық оянды Жатпайды ол ерініп Мысық бойын жазады. Созылады керіліп, Аяқ – қолын созады. Дағдысы оның солай - ды Елден бұрын тұрады. Беті - қолын жуады,- Жумайды - ау, жалайды. (М. Элімбаев) - Неліктен мысық үй жануары, үй мысықтары неге үқсайды?	Атам, өжем келіп тұр. Педагог балаларға сұрақтар қояды. - Неліктен ит үй жануары дейді? - Ит қандай? - Ол не жейді? - Иттердің қандай тұқымдарын білесіз? - Иттің баласын қалай атайды? - Иттер адамдарға қандай пайда әкеледі? - Иттер қыста қалай дайындалады? Ит үй жануары, жеті қазынаның бірі. Ит иесін көргенде куанады, құйрығын бұлғандатып, артқы аяғына тұрады. Адам итті жібінен ұстап далаға қыдыртады. Даладан келгеннен кейін аяқтарын жуады.	Бақшада өскен теректің Дәндерінен май тамар, Шағып жеген нәр табар. (Күнбағыс) -Жұмбакта қандай гүл туралы айтылған? Неге күнбағысты күнмен салыстырылады? Өсімдік бөліктерін атау. Күнбағыстың тұқымын қарau – шағулары (дәнін қорғайтын қабығы қалың, ақ дән жерден өсіп шығады). «Жердің алтын жемісі» деп неге айтатының түсіндіріп берулерін сұрау. Дидактикалық ойын: «Не, қай жерде өседі?» Мақсат-міндеттер: балаларға адамдарға жұмыс құралдары қажет екенін түсіндіру, өздігінен жұмыс істеуге деген құштарлықты қалыптастыру. Еңбек: ауланы сыпыру, тазалау. Мақсат-міндеттер: аула сыпыруышыға
--	--	---	--	---

	<p>айларында жинайды. Жолжелкеннің жапыраған сабағымен қоса бұлдірмей алып, көлеңке жерде кептіреді.</p> <p>Жолжелкеннің жапырақтары дене сыртындағы аққан қанды тоқтатуға, күйген жараға, ірінді ісікке, шиқанға қолданылады.</p> <p>Жолжелкеннің шырынын жәндіктер шаққан жерге, асқазан ауруына, шаншуға, мұрыннан қан аққанда және дизентерияға пайдаланады.</p> <p>Балаларға сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Мамыр айын халықта қалай атайды? (шешек айы) -Өсімдіктер қай жерде бар да, қай 	<p>- Мысықтар не жейді?</p> <p>Мысықтардың балалары қалай аталады?</p> <p>- Сіз мысықтардың қандай тұқымдарын білесіз?</p> <p>Мысықтардың адамдарға қандай пайдасы бар?</p> <p>- Үй мысығына қандай жабайы аңдар жақын туыстар?</p> <p>Мысықтың жыртқыш жануар екенін дөлелде.</p> <p>- Иттер мен мысықтардың қабілеттері мен темпераментін салыстыру.</p> <p>- Мысық туралы қандай әндер, тақпақтар, жұмбақтар, ертегілер білесіндер?</p> <p>Еңбек: аланды</p>	<p>Ауырып қалса мал дәрігеріне көрсетеді. Ит ет, балық, құс етін және құргақ жем жейді.</p> <p>Иттің сүйікті тамағы, ол сүйек. ИТ – адамның досы. Үй иесі қыдырып кеткенде ит үйді күзетіп қалады, және үй жануарларын бағуға да үй иесіне көмектеседі екен.</p> <p>Балалар ит адамның досы, оны жәбірлеп ұруға болмайды. Ол біздің, үйімізді, ауламызды қүзетеді. Ал, енді мен сендерге күшіктің анасы иттің ерлігі туралы ертегі айтып берейін.</p> <p>Еңбек: қайың ағашының жанын тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың өз</p>	<p>ормандар мен шалғындардағы өсімдіктер туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Еңбек: табиғи материал жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>"Айгөлек" қымыл-қозғалыс ойыны.</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ужымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; үйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>Айгөлек ойыны кең аланда өткізіледі.</p> <p>Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-</p>	<p>тротуарды тазалауға көмектесу.</p> <p>Қимыл қозғалыс ойындары «Аю аpanында» (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірін бірі итермей жүгіре алуға жаттықтыру.</p> <p>Шығарылатын материалдар:</p> <p>Күрекшелер, сыйырғыштар, шаналар.</p> <p>"Үш табан" қазақ ұлттық (асықтармен) қымыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды мергендейкке, шыдамдыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда қолда еркін ұстап, ойын</p>
--	--	--	---	---	--

	жерде жок? (күннің көзі көп түскен жерде бар) -Көлеңке, ылғал жерлерге әлі шөп шықпаған, неге? (өйткені ло жер әлі салқын) -Мамыр айындағы жаңбырдан соң шөптерде қандай өзгерістер болады? (олар бұрынғыдан да жасылдана түседі) -Мына өсіп тұрған өсімдік қалай аталағы? (жолжелken) -Оны неге олай атаған? -Жолжелкеннің қандай көмегі бар, кім біледі?	терек бұршігінен тазарту Мақсат-міндеттер: балаларды аланды тазалықты және тәртіпті сақтауға, қоғам мұддесіне жұмыс істеуге үйрету. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (dene шынықтыру)	еркімен еңбек етуге үйрету, еңбекке деген құлшынысын ояту. "Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шарты бойынша, әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дene бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шенбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуга	20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып түрады. Ойын жүргізуі екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі елеңді айтады: ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дene бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты біле ойнауға ынталандыру; бір адамдай, мәтінге сай, шенбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге және тоқтап, отыра қалуга	алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Әр балаға бір-бірден асық, бір-бір сақа беріледі. Көмбеге бір-бірден асық тіккен әр топтың ойыншылары өз аландарында жеке-жеке сақаларын үйіріседі. Сақасы алшы түскен бала бірінші болып, одан кейінгілері рет-ретімен (тәйке, бұқ, ішік) "ұшуға" кіріседі (көмбеден алшактау жерге барып сақа үйіреді). Сақасы алшы түскен ойыншы бірден көмбедегі тігіулі асықты атады. Осылай болмаған жағдайда, асық ату,
--	--	---	---	---	---

	<p>Өгейшөппен жолжелкеннің айырмашылықтары мен үқастықтарын айыру.</p> <p>Еңбек: ойын алаңын тазалау.</p> <p>Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> <p>"Тығылмақ".</p> <p>Қимылды ойын «Бәйге».</p> <p>Мақсат-міндеттер: женіске деген құштарлықтарын арттыру, жылдамдықтарын дамыту.</p> <p>Жаттығу ойыны: дыбыстар арқылы жүру</p> <p>Мақсаты: тепе-тендікті сақтау, берілген дыбыс ырғағына қарай қимыл жасау.</p>	<p>дағдыландыру; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу; қауіпсіз қимылдай білуге мишиктандыру.</p> <p>Ақырын-акырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз.</p> <p>Жылдам-жылдам жүгіріп,</p> <p>Шеңберді айналдырамыз.</p> <p>Д. Ахметова.</p> <p>Соңғы сөздерден кейін балалар бір сәтті жерге отыра қалып, қолдарын босатады, демалады.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.</p> <p>Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу</p>	<p>"балықтар" алаңынң бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді Сол кезде алаңын ортағы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен тұртіп, ұстап алуға тиісті.</p> <p>Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, женіске жеткенді табады.</p> <p>Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін.</p> <p>Қимылды ойын «Асық ату» (dene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларға асық атуға, дұрыс сөйлеуге, дұрыс ойнауга</p>	<p>Үзенгіден дем шығар.</p> <p>Ақ терек пен көк терек, Шолпан атты қызы керек,- дейді. "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді.</p> <p>Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті.</p> <p>Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды.</p> <p>Ал үзсе, езі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады.</p> <p>Ойыншылар түгел шақырылған болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай</p>	<p>бәрі ұшып болған соң, бастапқы кезек бойынша жалғасады.</p> <p>Алысқа ұшқан мергендер тигізе алмаса, көмбеде қалған ойыншыға кезек тиеді.</p> <p>Көздеген асығына дәл тигізіп және оны көмбеге жиегін алыш өлшегенде, үш табан артық қашықтыққа ұшырған ойыншы қашан келесі асыққа тигізе алмай қалғанша атауды жалғастыра береді.</p> <p>Болмаса атқан асығы үш табаннан аспай қалғандаған - ойынды тоқтатып, өзінен кейінгі ойыншыға кезек береді.</p> <p>Ұтылған бала ойыннан шығып қалады.</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>Мақал-мәтеп Дана көптен, дәрі шөптен. Кұнарлы шөп, қосымша сүт. "Нысанага тигіз" қимылды жаттығуы. (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанага көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшин дамыту. Еркін ойындар.</p>	<p>үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды менгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Эрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.</p> <p>Қимылды ойындар «Кім бір аяқта ұзак тұрады?». (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: тепе-тендік жоғалған жағдайда жылдам әрекет етуге үйрету. Жеке жұмыс Қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: секіру дағдыларын орнында</p>	<p>үйрету. Ептілікке баули отырып, ұлттық тәрбие беру. Ережесі. Балалар асықты бір қатар бойына тігіп, соны өз сақаларымен дәлдеп атады. Кім көп асық атып алады сол бала жеңімпаз атанады.</p> <p>Ойынды 3-4 рет қайталау.</p> <p>Жеке жұмыс: қимылдарды дамыту.</p> <p>Мақсат-міндеттер: секіру кезінде жақсы ұшу және жұмсақ қону дағдыларын бекіту.</p>	<p>топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі.</p> <p>Дене тәрбиесі бойынша жеке жұмыс: орнынан секіру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: секіру қабілетін дамыту, жылдамдықпен күш біріктіру.</p> <p>Еркін ойын.</p>	<p>Сөйтіп айналасы екі-үш айналымның ішінде әр көмбеден бір-бір жеңімпаз шығып, олар енді орталық көмбеде ақтық сайысқа түседі. Еркін ойын.</p>
--	---	---	---	--	---

		бекіту (аяғы алшақ - бірге; біреуі алға, екіншісі артқа). Еркін ойын.			
Серуеннең оралу					
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру. Көркем сөз Денемді таза ұстап, Шомыламын ағынмен. Тамақ ішер алдында, Қол жуамын сабынмен. (мәдени-гигиеналық дағдылар)	Гигиеналық дағдылар Балаларға дұрыс білім беру, үстел басында өзін дұрыс ұстау, тамақтану кезінде ас құралдарын дұрыс пайдалану қабілетін жетілдіру. Көркем сөз Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ.	Гигиеналық дағдылар Тазалыққа және ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу, тамақтану кезінде үстелде тыныш отыруға, дұрыс қалыпты сақтауға үрету. Көркем сөз Балабақша тәртібін, Барлығымыз сақтаймыз. Тәрбиеші үмітін, Болашақта ақтаймыз. Тамақтану әдебін, Жатқа біздер білеміз. Дастарханға отырып, Жеңімізді түрреміз. (мәдени- гигиеналық дағдылар)	Гигиеналық дағдылар Қажеттілігінше майлышты көбірек қолдану шеберлікті арттыру. Көркем сөз Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-	Гигиеналық дағдылар Жабық ауызben тамақтану қабілетін жетілдіру, тағамды үнсіз шайнауды үйрету Көркем сөз Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! (мәдени- гигиеналық дағдылар)

		Жақсы бала малсақ, Жаман бала аүылсақ. (І.Жансұгіров) (мәдени- гигиеналық дағдылар)		гигиеналық дағдылар)	
Күндізгі үйқы	Балалардың үйқысына қолайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>Біртіндең үйқыдан тұрғызу (музыка ақырын ойнайды).</p> <p>Үйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындауды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың үйқыдан біртіндең ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін деңсаулық жолымен жүру.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	"Жеуге жарамды - жеуге жарамсыз" дидактикалық оныны.	Ұлттық ойын: "Сақина жасыру". Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелу.	"Резенке" аула оныны. Мақсат-міндеттер: балалардың секіру қабілеттерін жетілдіру;	"Көрші" ұлттық оныны. Мақсат-міндеттер: балаларды зейінділікке, ұйымшылдыққа, шығармашылыққа тәрбиелу.	"Тақия тастамақ" ұлттық оныны. Мақсат-міндеттер: балаларды шапшаңдыққа, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелу.
	Жұргізуі бір уақытта әртүрлі заттарды атай отырып, ойын қатысушыларына доп лақтырады. Егер атаған зат жеуге аталған зат жеуге	шапшаңдыққа, зейінділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелу.	жылдамдыққа, куштілікке, шапшаңдыққа тәрбиелу.	Көрші ойынын ұлкен бөлмеде, көгалды таза ауада өткізуге	Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың

	<p>жарамды болса, допты ұстап алу керек, ал керісінше болса, соққы беру керек.</p> <p>(қарым-қатынас іс- әрекеті, таным іс- әрекеті, зерттеу іс- әрекеті, дene шынықтыру)</p> <p>Аула ойыны: "Шатасу".</p> <p>Көшбасшы таңдалады және қалған ойыншыларға теріс қарап тұрады. Қалған ойыншылар шенберге тұрып, қол ұстасып тұрады. Осыдан кейін олар қолдарын үзбей, мүмкіндігінше шатасуға тырысады. Ойыншылар жеткілікті түрде шатасқан кезде, бұл туралы көшбасшыға</p>	<p>белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен-«Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.</p> <p>(дene шынықтыру)</p> <p>"Мен бес атау</p>	<p>да, ер балалар да ойнайды. Резенке таспаны үштен, немесе сіз екі-екіден ойнай аласыз; бұл жағдайда, егер ойыншы секіру кезінде кателік жіберсе, оның серіктесі оған көмектесе алады. Сіз резенке таспаны бір заттың үстіне, мысалы, екі орындыққа тарту арқылы жалғыз ойнай аласыз. Ойнау үшін сізге серпімді әдеттегі зығыр мата қажет, ұзындығы шамамен екі метр. Ұштарын байлап қою керек.</p> <p>«Аяқтарды алшақтатып» тұрган екі ойыншы тобық бiiktігінде серпімді созады, үшіншісі</p>	<p>болады. Ойыншылар саны 10-нан 30-ға дейін болуы керек. Ойыншылар дөңгеленіп, екі- екіден шенбер құрып отырады. Тағы бір адам ортаға шығып, жұп болып отырған ойыншылардың бір жұбына келіп, "Көршіңмен татусың ба?" —деп сұрайды. Егер сұрақ қойған жұптың біреуі "Көршіммен аразбын" десе, онда сұрақ қоюшы адам оның қасындағы көршісін орнынан тұрғызып, соның орнына өзі отырады. Орнынан тұрган адам ортага шығып басқа бір жұптан ілгерідегідей "Көршіңмен татусың ба?" деп сұрап,</p>	<p>арасынан бір бала таңдалады да қалғандары көздерін жұмып отырулары тиіс. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балалар сыртымен акырын жүріп, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білсе, сезсе жылдам орнынан тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және т.б. Және де орнынан тез тұрып үлгірген балаға ұлттық ою өрнек бейнесі</p>
--	---	---	---	---	--

	<p>хабарлайды. Көшбасшы шатасып қалған оыйнышыларды ашуға тырысады. Алғашқы шешілген оыйнышы келесі турда көшбасшы болады.</p> <p>(дene шынықтыру)</p> <p>"Домалақ ақаш" қозғалмалы қазақ халық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларда ептілікті дамыту, допты нысанана дәл тигізе білуді жетілдіру. Аланда кішкене шұңқыр қазылған.</p> <p>Оның қасында қолында таяғы (сойылын) ұстаған оыйнышы, ал екіншісі допты таяқшамен (сойылмен) тесікке айдайды.</p> <p>Шұңқырдың</p>	<p>білемін" аула оыйны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау, жанғырту, сөйлеу қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу; сөздік қорын байыту.</p> <p>Екі оыйнышы бір- біріне допты «Мен», «мен білемін», «бес», «есімдер», «ұлдар» сөздерімен</p> <p>лақтырады (қыздар, қалалардың аттары, жануарлар, гүлдер және т.б.). Сол уақытта допқа ие болған оыйнышы қолайлы есімдерді айта бастайды:</p> <p>«Алижан», ал екінші оыйнышы: «бір»; «Алібек» - «екі»; «Мансур» - «үш»; «Еламан» - «төрт»; «Мақсат» - «бес». Ал</p> <p>оыйн қайта</p>	<p>секіреді. Ойында эртүрлі фигуralар қолданылады, олардың барлығы қайталануы керек. Қате жіберген адам өз орнын серпімді ұстаушымен</p> <p>ауыстырады.</p> <p>Ұлттық ойын: "Соқыр теке".</p> <p>Мақсат-міндеттер: кеністікті бағдарлай білуді, жалтарып жүгіре білуге дағдыландыру, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Балалар дөңгелене тұрады. Бір баланың көзі байланып қойылады.</p> <p>Балалар: - Бота, бұзау, қозы, лақ</p> <p>Қайда кеткен құлыншақ</p>	<p>оыйнды соза береді. Ал егер оыйнышы көршісімен «татумын» деп, қасында жұп болып отырған серігін жібергісі келмеді онда сұрақ қоюшы адам оны жазалайды.</p> <p>Ол ән салады, би билейді, болмаса әңгімeden, поэмадан үзінді айтып береді.</p> <p>Осылай етіп, ол көршісін алып қалады. Егер оыйнышы бұл тапсырманы орындаі алмаса, өз орнын сұрақ қоюшы адамға береді де өзі соның міндетін атқаруға</p> <p>кірісп ойынды қайтадан бастайды.</p> <p>Сөйтіп, ойын осылайша созыла береді.</p>	<p>беріледі. Көп ою жинаған бала женімпаз.</p> <p>Бұл оыйнның тағы бір нұсқасы бар. Тақияны өзінде екенін сезген бала тақияны тастаған жүргізушіні қып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына келіп отыруға</p> <p>тырысады. Егер бала жүргізушіні ұстай алмаса айыбын өтейді. Ал, қып жетіп алса, ойынға жүргізуші сол бала болады.</p> <p>(дene шынықтыру)</p> <p>"Қарама-қарсы сөз" дидактикалық оыйны (жұптар айтысы).</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарама-</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>"күзетшісі" оны шұңқырдан аулақ ұстауға тырысады. Ойын доп тесікке қарай домалағанша жалғасады. Осыдан кейін рөлдер өзгереді.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>	басталады.	<p>Соқыртеке бақ-бақ Мені ізден тап-тап Деп тақпақтайды. Содан кейін Соқыр теке (баланың көзі байлаулы) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп тұртіп қашады. Соқыр теке үстап алған баланың көзі байланады да ол «Соқыр теке» ролін атқарады. Ойын осылай жалғаса береді.</p>	<p>"Қындық-сандық" қазақ ұлттық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балалардың күш-жігерін, шапшаңбығын дамыту; тапқырлыққа тәрбиелеу.</p> <p>Ойын далада, көгалды жерде (спорт залда) өтеді. Ойынға жас өспірім ер балалар қатынасады. Қатынасушылар тен екі топқа бөлінеді.</p> <p>Әр топтың өз бастықтары тағайындалады. Олар ойынның дұрыс өтуін бақылайды.</p> <p>Ортаға екі топтан бір-бір ойыншы шақырылады. Олар бір-біріне арқаларын беріп тұрысады да,</p>	<p>қарсы мағынадағы сөздер жұптарын күра білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорды молайту; ой шапшаңдығын дамыту.</p> <p>Құралдар: қамшы; доп немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау).</p> <p>- Балалар, қарама-қарсы мағынада сөздерді жұптарын айту үшін, "айтысты" жариялайық. Кімге қарай қамшының сабын екі балаға көрсетемін. Сол балалардың бірі айтысты бастап, қарсы тұрған - қарама-қарсы мағынада сөзді қайтару керек.</p> <p>Егер білмеген балалар болса, оларға</p>
--	---	------------	---	--	--

бір-бірін қолдарының
қырымен айқастыра
ұстасады. Ойын
жүргізушінің берген
белгісімен олар бірін-
бірі арқалап жерден
көтеріп әкетуге
тырысады. Олай
істеу оп-оңай емес,
ойын жүргізуі белгі
бергенде, олар
тізелерін бүгіп
жартылай отырған
қалыпқа түседі.
Қайсысы көтеріп
әкетсе, женіске сол
жетеді. Көбірек
женіске жеткен топ
женімпаз атанады.
Ойын қайталанып
ойналады.
Ойын жастардың
куш-қуатын
молайтады, айла-
амал қолдана білуге,
өз күшін тиімді
пайдалануға үйретеді

білген бала көмегі
беріп, айттысты
жалғастырады.
(

Балалармен жеке жұмыс	<p>Үстел-үсті ойындары: «Көңілді күн». Мақсат-міндеттер: балалардың тәулік уақыты туралы білімдерін кеңейту. (таным іс-әрекеті)</p> <p>Ертегі тыңдау немесе көру. Жеке жұмыс: сөйлеуді дамыту үшін көргендерінен алған әсерлерін жеткізуге үйрету. (қарым-қатынас іс-әрекеті, әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекеті)</p>	<p>Үстел-үсті ойындары «Конструктор-Лего». Мақсат-міндеттер: үлгі бойынша құрылымдар құру қабілетін дамыту (таным іс-әрекеті)</p> <p>«Дыбысынан таны» жеке жұмысы - балалардың есту қабілетін дамыту (музыка)</p> <p>Аз қимылды ойын «Сиқырлы таяқ». Мақсат-міндеттер: бір-бірімен достық қарым-қатынасты дамыту. (дene шынықтыру)</p>	<p>«Бір сөзбен ата» ойыны «Бір сөзбен ата» ойлаудың аналитикалық функцияларын дамыту, балалардың сөздік қорын дамыту, жалпылау арқылы сөздік қорын сөздермен толықтыру.</p> <p>(қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>Қауіпсіздік ережелері тура турында әнгімелесу.</p> <p>Баланың сөйлеу қабілетін дамыту. «Бағдаршам туралы»</p> <p>1. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та, Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)</p> <p>2. Бір көзім "кідір" дейді Бір көзім "жүгір" дейді Бір көзім "абайла" дейді. "Қарап ал маңайға" дейді. (Бағдаршам)</p> <p>3. Онға да бұрады, Солға да бұрады. Тәртіп сақтап әрқашан, Жолды нұсқап тұрады, (Бағдаршам) (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>«Ертегі құрастыр» дидактикалық ойыны Тақырыптық суреттерді қолдана отырып, келісімді сөйлеуді дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
------------------------------	--	--	--	---	---

Серуенге дайындық	1. Алдағы іс-шараға арналған тапсырма: топты шығар алдында тәртіпке келтіру; киіну бөлмесінде өзін-өзі ұстau ережелерін қайталау. 2. Киімді кию алгоритмін қайталау. 3. Әр түрлі ауа-райында (қар, жаңбыр, жел) көшеде өзін-өзі ұстau ережелеріне баса назар аудару – тәрбиешінің өзі көшедегі жағдайға сүйене отырып таңдайды.
Серуен	Тұскі бақылауды жалғастыру.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алууды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауга бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойндары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамактар, домино ойндары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Кейбір ата-аналар балаларына терезе талдында ойнауға рұқсат береді. Олар терезенің сыртындағы әлем балаға тартымды, оның алудан түрлілігімен қызықты деп санайды және бұл қалай болса да оны біраз уақытқа алдандырады, ата-ананы баламен тікелей қарым-қатынастан босатады. Бұл мүмкін емес! Бала терезе ойныны ойын-сауық орны емес екенін білуі және түсінуі керек.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова